


Жасанды интеллект дәуірінде өнердің болашағы қандай?

XXI ғасыр – технология ғасыры. Бүгінде жасанды интеллект мәтін жазады, музыка шығарады, сурет салады, тіпті бейнежазба жасап, адамның дауысын айнытпай қайталай алады. Кеше ғана ғылыми фантастика болып көрінген құбылыс бүгінде шынайы өмірдің бір бөлігіне айналды. Осындай жағдайда заңды сұрақ туындайды: жасанды интеллект шығармашылықты алмастыра ала ма? Өнердің болашағы қандай?



(<https://incubator.ucf.edu>)

Алдымен «жасанды интеллект» ұғымына тоқталайық.

Жасанды интеллект – адамның ойлау қабілетіне ұқсас алгоритмдер арқылы ақпаратты талдап, шешім қабылдайтын технология. Қазіргі таңда ол журналистикада мәтін жазуға, кино саласында сценарий құрастыруға, дизайн мен анимацияда визуал жасауға белсенді қолданылып жатыр. Кейбір шетелдік медиалар жаңалық мәтіндерін автоматты жүйе арқылы дайындайды. Кино индустриясында цифрлық кейіпкерлер жасалып, актердің бет-әлпеті компьютерлік өңдеумен өзгертіледі.

Бұл өзгерістер шығармашылық саласына үлкен әсер етуде. Бір жағынан, жасанды интеллект – уақыт үнемдейтін, мүмкіндікті кеңейтетін құрал. Мысалы, журналист ақпаратты жылдам талдап, дерек жинауға AI көмегін пайдалана алады.

Музыкант жаңа әуен нұсқаларын оңай сынап көреді. Мысалы бір өлең жазып біткен соң, оған әуен керек. Ол бірден ЖИ арқылы көптеген нұсқалар таңдап, лезде бір туынды шығара салады. Бірақ мұны туынды деуге келмейтін секілді, бұл жай ғана ЖИ жасап берген материал ғана. Яғни, технология шығармашылық процесті жеңілдеткенімен, талантты өлтіріп жатқан секілді.

Алайда қоғамда алаңдаушылық та бар.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, болашақта жасанды интеллект белгілі бір мамандықтарды ығыстыруы мүмкін. Егер мәтінді бағдарлама жаза алса, суретті алгоритм сала алса, онда адам еңбегінің қажеті қанша деген сұрақ туындайды. Әсіресе шығармашылық мамандық иелері – журналистер, жазушылар, суретшілер, актерлер – бұл өзгерісті ерекше сезінуде.

ЖИ талантты алмастыра алмайды. Қалай ?

Дегенмен мәселені біржақты қарастыру дұрыс емес. Жасанды интеллект мәтін құрастыра алғанымен, ол өмір сүрмейді, сезінбейді, қиналмайды, қуана алмайды. Ал өнердің негізінде – эмоция, тәжірибе, адамның ішкі жан дүниесі жатыр. Көрерменді жылататын немесе күлдіретін күш – тірі сезім. Оған дәлел: күйлерін тыңдасаң бөгде бір әлемге кіріп кеткендей, жүрекке толғаныс силайтын - Құрманғазы, Әбдімомын Желдібаев, Секен Тұрысбек сынды күйшілер. Шетел классиктері Моцарт, Сальери шығармалары ешбір технология алмастыра алмайтын туындылар. Машина есептей алады, бірақ жүрекпен сезіне алмайды.

Сескенудің қажеті жоқ.

Өнер – тек нәтиже емес, процесс. Актер сахнада ойнағанда оның әр қимылы, тынысы, дауыс ырғағы – бәрі сол сәттегі шынайы күйімен байланысты. Жасанды интеллект актердің бейнесін жасап беруі мүмкін, бірақ оның сахнадағы тірі энергиясын алмастыра ала ма? Көрермен өнерден техникалық мінсіздікті емес, шынайылықты күтеді.

Журналистика саласына да осы тұрғыдан қарауға болады. Ақпаратты жинап, құрылымдап беру – технология үшін қиын емес. Бірақ мәселенің астарын түсіну, қоғамдағы көңіл күйді сезіну, әділетсіздікке реакция білдіру – бұл адамдық позицияны талап етеді. Журналист тек хабар жеткізуші емес, ол – қоғам айнасы.

Сонымен бірге жасанды интеллектіні толықтай қауіп ретінде қабылдау да қателік болар еді. Тарихқа көз жүгіртсек, әр технологиялық жаңалық бастапқыда қорқыныш туғызған. Фотоаппарат пайда болғанда суретшілердің болашағы талқыланды. Теледидар шыққанда театр өнері жойылады деген пікір болды. Бірақ өнер жоғалған жоқ, қайта жаңа формаға бейімделді. Демек, технология өнерді жоймайды, оны өзгертеді.

Сонымен, жасанды интеллект шығармашылықты толық алмастыра ма? Қазіргі жағдайда – жоқ. Ол өнердің мазмұнын емес, формасын өзгертуі мүмкін. Бірақ адамдық сезім, ой, рухани тәжірибе – өнердің өзегі болып қала береді.

Қорытындыласақ.

Жасанды интеллект белең алған дәуірде - “талант” шетте қалмайды. Себебі, ЖИ - жай ғана алгоритм. Ал өнер жүрекпен бағаланады.